

М.Н. Абишева^{1*} , Э.Э. Юхневич² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Гданьск Университеті, Гданьск, Польша

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

САҚТАНДЫРУ ТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЗАҢНАМАСЫНДА РЕТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зерттелетін мәселенің өзектілігі сақтандыру түрлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында реттелуін талдау, сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мазмұнын зерделеу, сондай-ақ сақтандыру қызметін құқықтық реттеудің теориялық мәселелерін қарастыру болып табылады. Аталған мәселелердің барлығы бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Себебі Қазақстан Республикасында сақтандыру түрлерінің сақтандыру заңнамасында реттелуі азаматтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге, экономикалық тұрақтылықты сақтауға, цифрлық сақтандыру жүйесін дамытуға оң әсерін тигізеді.

Мақалада статистикалық талдау, аналогия және жалпылау әдістері, сондай-ақ ресми-заңды және ресми-логикалық тәсілдер қолданылды. Зерттеу барысында Қазақстандағы сақтандыру жүйесінің құқықтық қалыптасу эволюциясының ерекшеліктері, сондай-ақ оның жұмыс істеуінің қазіргі кезеңіне тән проблемалар анықталды. Жақсы ұйымдастырылған және тиімді сақтандыру жүйесі өзгермелі жағдайлармен қоршаған орта факторларына бейімделу қабілетімен сипатталады. Ол үшін сақтандыру жүйесінің жұмысын үнемі бағалап, оны басқа елдердегі ұқсас жүйелермен салыстыру қажет. Қазақстанның сақтандыру жүйесін басқа елдермен – Латвиямен салыстырмалы-құқықтық талдауға ерекше назар аударылды, нәтижесінде Қазақстанның сақтандыру жүйесін жетілдірудің перспективалық жолдары бөлінді. Зерттеу сонымен қатар осы мәселеге қатысты ғалымдардың бар пікірлері мен тұжырымдамаларын талдап, бір арнаға келтіруді көздейді. Өртүрлі көзқарастарды зерделеу осы құбылыстың күрделілігін және Қазақстанның сақтандыру жүйесін заманауи шындықта жетілдірудің мүмкін жолдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Бұдан басқа, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына ұсыныстар мен өзгерістер енгізу үшін негіз бола алады.

Бұл ғылыми зерттеудің мақсаты бәсекелестік жағдайындағы сақтандыру қызметін жетілдіру және сақтандыруды халықаралық стандарттарға сай бейімдеу болып табылады. Осының барлығы мемлекетіміздің сақтандыру нарығын дамыту үшін аса маңызды. Мақалада Қазақстан Республикасында сақтандыру түрлерінің құқықтық реттелу ерекшеліктері талданады. Міндетті және ерікті сақтандыру түрлері қарастырылып, цифрлық сақтандыру үрдістері мен сақтандыру нарығының даму болашағына қарастырылады. Зерттеу барысында отандық және халықаралық заңнамалық актілерге салыстырмалы талдау жасалды.

Түйінді сөздер: сақтандыру, міндетті сақтандыру, ерікті сақтандыру, сақтандыру заңнамасы, цифрлық сақтандыру, сақтандыру нарығы, корпоративтік сақтандыру.

M.N. Abisheva^{1*}, E.E. Juchnevicius²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²University of Gdansk, Gdansk, Poland

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

Specific features of the regulation of insurance types under the insurance legislation of the Republic of Kazakhstan

The relevance of this research lies in the analysis of the legal regulation of insurance types in the legislation of the Republic of Kazakhstan, the study of the socio-economic and legal content of insurance, as well as the examination of theoretical aspects of the legal regulation of insurance services. All these issues are driven by modern requirements. The legal regulation of insurance types in Kazakhstan contributes to ensuring social protection of citizens, maintaining economic stability, and developing the digital insurance system. The article uses methods of statistical analysis, analogy and generalization, as well as formal legal and formal logical approaches. The study revealed the features of the evolution of the legal formation of the insurance system in Kazakhstan, as well as the problems characteristic of the current stage of its functioning. A well-organized and effective insurance system is characterized by the ability to adapt to changing conditions and environmental factors. To do this, it is necessary to constantly evaluate the work of the insurance system and compare it with similar systems in other countries. Special attention was paid to the comparative legal analysis of the insurance system of Kazakhstan with other countries—Latvia, as a result of which promising ways of improving the insurance system of Kazakhstan

were identified. The study also delves into the analysis of existing opinions and concepts of scientists on this issue. The study of various points of view has allowed for a deeper understanding of the complexity of this phenomenon and possible ways to improve Kazakhstan's insurance system in modern realities. In addition, they can serve as a basis for making proposals and amendments to the current legislation of the Republic of Kazakhstan.

The purpose of the scientific research is to improve insurance services in a competitive environment and adapt insurance to international standards. This plays a crucial role in the development of the country's insurance market. The article analyzes the legal regulation of insurance types in the Republic of Kazakhstan. It examines mandatory and voluntary insurance, the digitalization of insurance services, and prospects for the development of the insurance market. A comparative analysis of domestic and international regulatory legal acts was conducted in the study.

Key words: insurance, mandatory insurance, voluntary insurance, insurance legislation, digital insurance, insurance market, corporate insurance.

М.Н. Абишева^{1*}, Э.Э. Юхневич²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Гданьский Университет, Гданьск, Польша

*e-mail: abisheva.meruertkz@mail.ru

Особенности регулирования видов страхования страховым законодательством Республики Казахстан

Актуальность исследования заключается в анализе правового регулирования видов страхования в законодательстве Республики Казахстан, изучении социально-экономического и правового содержания страхования, а также рассмотрении теоретических аспектов правового регулирования страховых услуг. Все эти вопросы обусловлены современными требованиями. Правовое регулирование видов страхования в Казахстане способствует обеспечению социальной защищенности граждан, сохранению экономической стабильности и развитию цифровой системы страхования. В статье использованы методы статистического анализа, аналогии и обобщения, а также официально-юридические и формально-логические подходы. В ходе исследования были выявлены особенности эволюции правового становления страховой системы в Казахстане, а также проблемы, характерные для современного этапа ее функционирования. Хорошо организованная и эффективная система страхования характеризуется способностью адаптироваться к меняющимся условиям и факторам окружающей среды. Для этого необходимо постоянно оценивать работу страховой системы и сравнивать ее с аналогичными системами в других странах. Особое внимание было уделено сравнительно – правовому анализу страховой системы Казахстана с другими странами-Латвией, в результате чего выделены перспективные пути совершенствования страховой системы Казахстана. Исследование также углубляется в анализ существующих мнений и концепций ученых по этому вопросу. Изучение различных точек зрения позволило глубже понять сложность этого явления и возможные пути совершенствования страховой системы Казахстана в современных реалиях. Кроме того, они могут служить основанием для внесения предложений и изменений в действующее законодательство Республики Казахстан.

Цель научного исследования – совершенствование страховых услуг в условиях конкурентной среды и адаптация страхования к международным стандартам. Это играет ключевую роль в развитии страхового рынка нашей страны. В статье анализируется правовое регулирование видов страхования в Республике Казахстан. Рассматриваются обязательное и добровольное страхование, цифровизация страховых услуг и перспективы развития страхового рынка. В ходе исследования проведен сравнительный анализ отечественных и международных нормативно-правовых актов.

Ключевые слова: страхование, обязательное страхование, добровольное страхование, страховое законодательство, цифровое страхование, страховой рынок, корпоративное страхование.

Кіріспе

Қазіргі таңда сақтандыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында нарықтық әдістермен экономиканы басқарудың негізгі құралы болып табылады. Сақтандыру механизмдерінің ерекшелігі тек қана кәсіпорындар мен азаматтардың мүлкін сақтау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің макроэкономикалық мәселелерін шешу секілді қызметтерді атқару болып табыла-

ды. Сондықтан, нарық шаруашылығы дамыған мемлекеттерде сақтандыру әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі экономиканың стратегиялық секторы болып отыр. Ал экономикалық тұрақтылық болса, халықтың әл-ауқатының жақсаруының қайнар көзі. Демек, ол адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуының бірден бір кепілі болып табылады. Баршаңызға мәлім Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы ретінде адамның және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықта-

ры танылады және демократиялық құқықтық мемлекетте, аталған құндылықтарды қорғау мен қамтамасыз ету тетіктеріне кепілдік берілген.

Мақаланың мақсаты – сақтандыру түрлерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасында реттелуін зерттеу, сақтандырудың салаларға, сыныптар мен түрлерге бөліну ерекшеліктерін қарастыру, сақтандыру нысандарын талдап, еліміздің сақтандыру нарығын дамыту.

Қазақстанда сақтандыру нарығы жылдан-жылға дамып келеді, және бұл саладағы заңнамалық база халықаралық стандарттарға сай сәйкестендіріліп жатыр. Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметі «Сақтандыру қызметі туралы» Заңымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі. Міндетті сақтандыру түрлері мемлекеттік реттеуге жатады, ал ерікті сақтандыру түрлері нарықтық сұранысқа байланысты дамуда. 2023 жылғы сақтандыру нарығының статистикалық мәліметтері көрсеткендей, сақтандыру сыйақыларының көлемі 15%-ға өскен (<https://prodengi.kz/post/kakie-vidy-straxovaniya-sushhestvuyut>).

Мақалада сақтандыру түрлері, олардың құқықтық реттелуі және цифрлық сақтандыру үрдістері, жаңаша сипаттағы мемлекеттің сақтандыру нарығы мен қызметін айқындау, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасы мен сақтандыру-құқықтық қатынастарды зерделеу, бәсекелестік жағдайындағы сақтандыру қызметін жетілдіру жолдары мен дамыту үрдісінің мәселелері жан-жақты қарастырылады. Көрсетілген мәселелердің барлығы зерттеу тақырыбының бүгінгі күн талабынан туындап отырғандығын және өзекті екендігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мақалада шешімін тапқан сақтандыру-құқықтық қатынастардың өзекті мәселелерінің жаңаша көрінісіне орай сақтандыру нарығы мен қызметін, Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасы мен сақтандыру-құқықтық қатынастардың басымдықтарын нақтыландырып, айқындай түседі. Мақала сақтандыру құқығы ғылымын және сақтандыру қызметін нарық жағдайына сай дамытуға септігін тигізеді.

Сақтандыру жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны ретінде қарастырылады. Ол мемлекеттік немесе жеке сақтандыру ұйымдары арқылы жүзеге асады және сақтандыру жағдайы орын алған кезде толық немесе ішінара өтемақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Мақалада сақтандыру заңнамасын жетілдіру жолдары мен дамыту үрдісінің мәселелері

жан-жақты айшықталып, қазіргі таңда еліміздегі сақтандыру реформаларының өзекті тұстары қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында сақтандыру түрлерінің құқықтық реттелуі талданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында сақтандыру қатынастарын құқықтық тұрғыдан кешенді талдауға мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер – философиялық, жалпы ғылыми және арнайы ғылыми тәсілдер қолданылды. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру жүйесін, оның нормативтік негізін, қолданыстағы заңнаманың кемшіліктерін және оны жетілдіру жолдарын қарастыруда философиялық әдістер, атап айтқанда диалектикалық тәсіл кеңінен қолданылды. Бұл әдіс сақтандыру жүйесін құқықтық тұрғыдан тереңірек түсінуге, сондай-ақ оның ішкі қайшылықтары мен жетілмеген тұстарын сындарлы бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, сақтандыру түрлерін реттеудің заңнамалық негіздерін зерттеу барысында жүйелік әдістің маңызы зор болды. Ол сақтандыру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін құқықтық, әлеуметтік және экономикалық факторлардың өзара байланысын ашуға жағдай жасайды. Сақтандыру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің мазмұнын нақты түсіндіру үшін формальды-логикалық әдіс қолданылды.

Сондай-ақ, салыстырмалы және салыстырмалы-құқықтық әдістердің көмегімен Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы шетелдік тәжірибемен салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Бұл тәсіл заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша өндірісте зардап шеккендердің саны жылдан-жылға өсіп отыр. 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда олардың саны 15%-ға, ал кәсіби аурулар саны 8%-ға артты. Қазақстанда жұмыс берушілер тек 54% жұмыскерлерін жазатайым оқиғалардан сақтандырған (<https://primeminister.kz/ru/news/v-rezultate-realizatsii-kontseptsii-bezopasnogo-truda-ozhidaetsya-polozhitelnyy-effekt-dlya-vsekh-storon-sotsialnogo-partnerstva-mts-n-26807>).

Еңбекті қорғау және кәсіби қауіптерді басқарудың тиімді жүйесінің негізі – сенімді статистикалық ақпараттың болуы, қолданылатын индикаторлар мен көрсеткіштердің жеткіліктігі, олардың толықтығы мен кең ауқымдылығы. Қазақстандағы еңбек жағдайлары бойынша статистикалық бақылау жүйесінің қазіргі кездегі жағдайын талдау бірқатар проблемаларды анықтап берді: қауіпсіз еңбекке қатысты статистикалық көрсеткіштердің, әртүрлі органдар мен ұйымдардың сәйкессіздігі, мемлекеттік мониторингті қиындататын мәселелер, жұмыстарды дұрыс ұйымдастырмау себебінен өндірістік жарақаттардың көп болуы, жасырын жарақат мәселелері; жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесінің тар шеңбері, «жұмыскерлердің кәсіби ауруларының тіркелген жағдайларының саны» көрсеткішінің құбылмалы болуы. Сақтандыруды дамытуда шешуші рөлді ерікті түрлері атқаруы тиіс. Бірақ олардың саны жағынан азаюы және олардың рөлі мен маңыздылығының күрт төмендеуі үлкен мәселе туындатуда (Грищенко 2001). Бұл жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесінің тиімді емес екенін көрсетеді. Оның институционалдық құрамдас бөлігін қоса алғанда, зардап шеккен жұмыскерге қалпына келтіру шараларын жүзеге асыруда кешенді тәсілдің болмауынан көрінеді. Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметі және жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесінің дамуы салыстырмалы түрде алғанда, жақында ғана кең тарала бастады (Мерғалиева 2007).

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы сақтандыру, бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Олардың әрқайсысының сақтандыруды ұйымдастыру және жүргізу бойынша ерекшеліктері болды (Мерғалиева 2007). Алғашқы сақтандыру компаниялары 1990 жылы пайда болғанын атап өткен жөн (Кадырбеков 2007).

Өндірістік жарақаттануды жүйелі бақылаудың қажеттілігі еңбекті қорғаумен байланысты ұйымдардың әлемдік тәжірибесінде маңызды рөл атқарады. Қазақстанның мемлекеттік еңбек қорғау жағдайын бақылау жүйесіндегі индикаторларды және көрсеткіштерді өзектілікке келтіру ғылыми негізделген, сындарлы бағалау және болжау арқылы, еңбек жағдайлары мен өндірістік жарақаттану көрсеткіштерін мониторингтеу үшін ақпараттық-аналитикалық жүйелерді құрудың әдіснамалық негіздерін зерттеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Осылайша, еңбек қорғау саласында мониторинг және статистикалық бақылау жүйесін модернизациялау бойынша ұсыныстарды шетелдік елдердің озық тәжірибесін ескере отырып, әзірлеу қажет.

Себебі, еліміздің білікті мамандары атап өткендей, «Статистикалық деректер негізінде болжамдар жасалып, қорытындылар шығарылып, тенденциялар анықталады» (https://www.ektu.kz/files/vestnik/vestnik_2-2018.pdf).

Өрт немесе жер сілкінісі сияқты жағдайларда жойылған пәтер немесе жеке үйді қалпына келтіру өте қиын. Мұндай жағдайда сақтандыру зардап шеккендерге қиын сәтте қаржылық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жылжымайтын мүлік – бұл негізгі қажеттілік.

Қазақстанда заңнамалық деңгейде өмірді сақтандыру компаниялары мен жалпы сақтандыру компанияларының қызметі бөлінген. Кәсіби ортада оларды «Life және Non-life» деп те атайды. Заңмен сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу және пруденциялық нормативтерді орындау талап етіледі. Алайда бір сақтандыру компаниясы осы екі түрлі бағытта сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін бір уақытта екі лицензия ала алмайды.

Сақтандыруды сипаттаудағы ең маңызды аспект – құқықтық аспект. Сақтандыру саласында қалыптасқан қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастар болып табылады және құқықтық нормалармен реттеледі. Осылайша, сақтандыру – бұл ең маңызды құқықтық категория.

В.И. Серебровский сақтандырудың екі түрге: жеке және қоғамдық сақтандыруға бөлінетінін атап өтті. Қоғамдық сақтандыру нысандарына мемлекеттік және қоғамдық сақтандыруды, ал жеке сақтандыруға жеке кәсіпкерлер, акционерлік сақтандыру қоғамдары, өзара сақтандыру қоғамдарын жатқызды (Серебровский 2003).

Сақтандыру құқықтық категория ретінде жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін мемлекеттік немесе жеке сақтандыру ұйымы тарапынан қорғаудың бір түрі болып табылады. Ол сақтанушылардың сақтандыру жағдайы орын алмас бұрын әртүрлі сақтандыру объектілері бойынша төлейтін жарналарынан толық немесе жартылай өтемақы алуды қамтиды.

Сақтандыру түрлерін жіктеудің теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Атап айтқанда, ол статистикалық мәліметтерді дұрыс жүргізуге, сақтандыру нарығын басқаруға, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының қызметіне қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру үшін аса қажет.

Сақтандыру объектілерінің айырмашылығына және сақтандыруды қамту көлеміне қарай сақтандыру классификациясы бірқатар деңгейлерге бөлінеді.

Классификацияның бірінші деңгейі сақтандыру салаларын, сыныптарын және түрлерін

қамтиды. Салалық классификация сақтанушының мүліктік мүддесін қорғаумен байланысты жағдайлардың жиынтығына қарай жүргізіледі. Осы негізде салалық емес классификациялар да жүзеге асырылады.

Сақтандыру саласы – бұл біртекті сақтандыру объектілеріне қатысты сақтандыру жағдайларының салдарымен байланысты мүліктік мүдделерді қорғаудың ерекше саласы. Сақтандыру саласын басқарудың негізінде сақтандыру қорғау мен сақтандыру резервтерін қалыптастырудың ерекше принциптері мен әдістері жатыр.

Сақтандыру заңнамасына сәйкес, сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі салаларына мыналар жатады:

1) өмірді сақтандыру;

2) жалпы сақтандыру (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_).

Әртүрлі салалық емес классификацияларды құру үшін критерийлердің саны көп, және олардың көпшілігі экономикалық және құқықтық доктринаға, мамандардың көзқарастарына және түсініктеріне байланысты. Осыған байланысты тек кейбірін атап өтейік:

а) ерікті ниет білдірудің немесе сақтандыру құқықтық қатынастарына кіруге мәжбүрлеу дәрежесінің болуы (ерікті және міндетті сақтандыру);

ә) сақтандыру объектілері мен тәуекелдердің көрініс табатын қызмет саласы арасындағы қатынас;

б) сақтандыру қызметінің тұтынушыларының шеңбері (жеке және ұжымдық сақтандыру).

Міндетті сақтандыру қоғамның сақтандыруға деген қажеттілігін көрсетеді. Мемлекет заңнамалық тәртіппен (тиісті заңды қабылдау арқылы) сақтандырудың міндеттілігін белгілейді. Мысалы, қауіпті өндіріс көздерінің үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға келтірген зияны үшін жауапкершілігі заңмен белгіленген. Міндетті сақтандыру нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Оның түрлері, шарттары және жүргізу тәртібі тиісті заңмен анықталады. Осылайша, міндетті сақтандыру – бұл заң бойынша жүзеге асырылатын сақтандыру.

Міндетті сақтандырудың ұйымдастыру нысаны ретінде маңызды ерекшелігі – жалпыға бірдей болуы. Бұл сақтандыру саласына әлеуетті сақтандыру қажеттіліктері бар барлық субъектілерді енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, субъектінің өз сақтандыру мүддесінің бар екенін түсінуі міндетті емес. Бұдан басқа, міндетті сақтандыру тәсілі нақты қоғамдық сақтандыру мүддесін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мін-

детті сақтандыру объектілері өмірмен, денсаулықпен, мүлікпен, азаматтық жауапкершілікпен байланысты мүдделер болуы мүмкін.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар әкеліп, жеке меншік медицинаға зор пайдасын тигізді. Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ, оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ. Президент медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырғанын баса айтты. «Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің бірыңғай базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс. Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес. Бір-біріне байланысы жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасау керек. Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет осы маңызды мәселені шешуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы жұмыстың барысы жөнінде маған және депутаттық корпусқа есеп беріп отыруға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев (<https://www.akorda.kz/kz/addresses>).

Сақтандыру жүйесі дамыған әлемнің барлық елдерінде міндетті сақтандыру, бар екенін атап өткен жөн. Міндетті сақтандырудың белгілерін экономикалық және құқықтық белгілерге бөлуге болады. Экономикалық белгілерге мыналар жатады: жаппайлық, яғни сақтандыруға көп сақтанушыларды тарту; қамту ауқымы, яғни сақтандыру объектілерінің көптігі; жалпыға бірдей болуы – сақтанушы немесе сақтандырылған тұлғалар санаттарына жататын барлық адамдар осы рөлде болуы тиіс.

Міндетті сақтандырудың осы белгілері оны ерікті сақтандырудан ерекшелендіреді, Мұнда сақтанушы болу немесе болмау мәселесі азаматтың немесе заңды тұлғаның қалауы бойынша шешіледі;

1) қамту кеңдігі – сақтандыруға жататын барлық объектілер сақтандырылуы тиіс. Бұл

міндетті сақтандыруды ерікті сақтандырудан ерекшелендіреді, мұнда не сақтандыру керектігі туралы шешім сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісіммен анықталады;

2) қолжетімділік – сақтанушыға сақтандыруды қиындықсыз және кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сақтандыру инфрақұрылымы құрылады;

3) унификация – сақтандырудың тәртібі мен шарттары заңмен белгіленеді. Бұл сақтандыруды жүзеге асырушы тараптың кім екеніне және сақтандырудың қай жерде жүргізілетініне қарамастан, сақтандырудың біркелкі болуын қамтамасыз етеді. Мұнда да міндетті сақтандырудың ерікті сақтандырудан айырмашылығы байқалады. Өйткені ерікті сақтандырудың шарттары нақты сақтанушыға қатысты жекешелендіруі мүмкін;

4) экономикалық тиімділік – сақтандыруға елеулі табысы жоқ тұлғалар тартылуы мүмкін екендігі ескере отырып, сақтандыру жарналары мүмкіндігінше ең аз мөлшерде белгіленеді. Сонымен қатар, сақтандыру объектілерінің кең ауқымына (яғни, жасалған келісімдердің көптігіне және олар бойынша түскен сақтандыру жарналарының елеулі сомасына) байланысты сақтандыру операциялары жоғары қаржылық тұрақтылыққа ие болады.

Міндетті сақтандырудың құқықтық белгілеріне мыналар жатады:

1) сақтандыру мемлекет тарапынан белгіленеді. Мұнда келісімшарт жасау міндеті, мысалы, мүлік иесімен жасалған келісімшарттан немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарынан туындауы мүмкін;

2) сақтандыру нормативтік құқықтық актімен, яғни заңмен белгіленеді. Сақтандыру шарттары негізінен нормативтік құқықтық актілермен анықталады.

3) сақтандыру мәжбүрлі сипатқа ие, яғни сақтанушы сақтандыруды жүзеге асыруы тиіс.

4) сақтандыру сақтандырылуы тиіс тұлғаның мүдделерін қорғаудың ерекше механизмін қамтамасыз етеді.

5) міндетті сақтандырудан бас тарту сақтандыру заңнамасында белгіленген жауапкершілікті тудырады.

Міндетті сақтандырудың ерекше түрі ретінде міндетті мемлекеттік сақтандыруды атап өтуге болады.

Міндетті мемлекеттік сақтандырудың мазмұны жағынан мемлекеттік болып саналады. Өйткені ол тиісті мемлекеттік ақша қорынан бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады. Тіпті егер сақтандырушы ретінде мемлекеттік емес сақтан-

дыру ұйымы қатысса да, сақтандыру мемлекеттік болуы мүмкін. Сақтандыруды мемлекеттік деп танудың шешуші факторы – сақтандыру сыйлықақыларының төлем көзі ретінде бюджет немесе басқа да мемлекеттік ақша қорының болуы.

Міндетті мемлекеттік сақтандыру өмірді, денсаулықты және мемлекеттік қызметшілердің белгілі бір санаттарының мүлкін сақтандыруды қамтиды. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау жоғары қауіппен байланысты. Оларға: әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының қызметкерлері, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері және т.б. жатады.

Жалпы алғанда, міндетті мемлекеттік сақтандыру мынадай белгілермен сипатталады:

1) сақтандыру мемлекеттік ақша қоры есебінен жүзеге асырылады;

2) сақтандырушы ретінде мемлекет немесе ол белгілі бір мемлекеттік ұйымдарды осы рөлде қатысуға міндеттейді;

3) сақтандыру үшінші тұлғаларды (белгілі бір санаттағы мемлекеттік қызметшілерді) қорғау мақсатында жүзеге асырылады, яғни бұл сақтандыру үшін сақтанушы мен сақтандырылған тұлғаның арасындағы айырмашылықты білу қажет. Сонымен қатар сақтандырылған тұлға пайда алушы болып табылады;

4) сақтандыру жағдайы мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындауымен байланысты болады. Осылайша, міндетті мемлекеттік сақтандыруда сақтандырылған тұлғалар ретінде ерекше санаттағы азаматтар – мемлекеттік қызметшілер, олар онымен қоса, пайда алушылар болып табылады.

Сақтандыру күтпеген жағдайлар орын алған кезде мүлікке келтірілген зиянды өтеуге мүмкіндік береді. Ал сақтандырылған адам қайтыс болған жағдайда оның жақындарын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етеді. «Евразия» сақтандыру компаниясы басқармасы төрағасының орынбасары Нұржан Джантурсевтің айтуынша, Алматыда жер сілкінісінің болу ықтималдығы жоғары. Егер үй немесе пәтер толық не жартылай бұзылса, сақтандыру полисі келісімшартта белгіленген шектерде сақтандыру төлемін алуға мүмкіндік береді. Ремонт, жиһаз бен техника, сондай-ақ, көршілерге су құбырының ағып кетуіне байланысты жауапкершілікті де сақтандыруға болады. Өмірде әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Ал сақтандыру экономикалық салдардан материалдық қорғауды қамтамасыз етуге көмектеседі. Сақтандыру – бұл күнделікті өмірде тәуекелдерді саналы түрде басқару және болашаққа инвестиция жасау.

Сақтандырудың маңызды критерийлерінің бірі – сақтандыру объектілеріндегі айырмашылықтар болып табылады. Осы критерий бойынша сақтандыру жеке және мүлдітік болып бөлінеді. Жеке сақтандыруға азаматтың өмірі, денсаулығы, еңбек қабілеттілігі және басқа да мүдделерін сақтандыру жатады.

Мүлдітік сақтандыру – қолайсыз жағдайлар орын алған кезде шығындарды азайтуға көмектесетін ерікті сақтандыру түрі болып табылады. Мүлдітік сақтандыру әртүрлі тәуекелдерді қамтуы мүмкін. 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін мүлдітік сақтандыру бойынша төлемдер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша, 62 миллиард теңгені немесе жалпы сақтандыру бойынша 190 миллиард теңгенің үштен бір бөлігін құрады.

Мүлдітік сақтандыруға мүлдітік және оған байланысты мүдделерді, соның ішінде кәсіпкерлік тәуекелдерді және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру жатады. Мүлдітік сақтандыру кезінде мүлдітің жоғалуы (жойылуы), жетіспеушілігі немесе зақымдануы және басқа да мүлдітік игіліктер мен құқықтар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 809-бабының 1-3 тармақтары бойынша тәуекелдер сақтандырылады.

Сақтандыру қызметінің тұтынушыларының шеңберіне байланысты (жеке және ұжымдық сақтандыру) критерийі ерекше маңызға ие. Бұл критерий сақтандыру ұйымының әртүрлі маркетингтік шешімдер қабылдау кезінде, оларды сақтандыру шарттарына енгізу кезінде ескеріледі. Оған ұжымдық өмірді сақтандыру, жеке өмірді сақтандыру, аннуитеттер төлеу, жазатайым оқиғалардан жеке сақтандыру, тұрғын үй мүлкін сақтандыру, үй иесінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру жатады.

Сақтандыруды жіктеу Қазақстан Республикасының Сақтандыру қызметі туралы Заңында тек жинақтауды қарастыратын және қарастырмайтын сақтандыру түрлерін ажыратуға негізделген. Дегенмен, біздің пікірімізше, бұл сақтандыру жіктемесі сақтандыруды салалар мен сыныптарға бөлу спецификасын және негізгі мақсаттарын, соның ішінде мемлекеттік реттеу механизмін ескермейді.

Атап айтқанда, азаматтың өмірімен, денсаулығымен, еңбек қабілеттілігімен және басқа да жеке мүдделерімен байланысты мүдделерді (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес – жеке сақтандыру) қамтитын сақтандыру сыныптарының өмірді сақтандыру саласына және жалпы сақтандыру саласына ен-

гізілуі даулы мәселе болып табылады. Жалпы сақтандыру саласындағы қызмет өмірді сақтандыру саласындағы қызметпен үйлесімді болуы мүмкін емес. Осы шектеулерді ескере отырып, заң шығарушы сақтандыру ұйымының өмірді сақтандыру бойынша қызметін жазатайым оқиғалардан, аурулардан және медициналық сақтандырудан сақтандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ескерту жасауға мәжбүр болды. Осыған байланысты, жалпы сақтандыруды жүзеге асыратын және өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарын бөлу, біздің пікірімізше, өз мағынасын жоғалтады.

Қазіргі кезде бәрін сақтандыруға болады. Атап айтқанда, пәтер, қала сыртындағы жылжымайтын мүлдік, өндірістік цех, автомобиль, тұрмыстық техника, офис жабдықтары, қоймадағы немесе сауда залындағы өнімдер сақтандырылуға жатады. Барлық жылжымалы және жылжымайтын мүлдітік бүлінуден, өрттен, жылу жүйелерінен су зақымдануынан, ұрлықтан, табиғи апаттардан, жер сілкінісінен, найзағай жарқылдауынан, су тасқынынан, су басудан, бұршақ жауыннан, кездейсоқ сыртқы механикалық әсерлерден қорғауға болады. Сақтандырушы сақтанушыға әртүрлі шарттарды ұсына алады. Ал кейде сақтанушының қалауы мен мүмкіндіктеріне сәйкес арнайы сақтандыру өнімдерін де жасауға болады.

Сақтандыру төлемі нақты зиян мөлшерінен аспайды. Сақтанушы зиянды қорғау үшін қаншалықты көп тәуекелдерді сақтандырғысы келсе, сақтандыру құны соғұрлым жоғары болады. Сақтандыру құнына сақтандыру объектісінің орналасқан жері, пайдалану шарттары, өртке қарсы, техникалық және күзет жүйелерінің болуы мен жағдайы да әсер етуі мүмкін. Осы шарттардың барлығы, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің шарттары, тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында көрсетіледі. Сақтандыру шарты негізінен бір жылға жасалады. Бірақ оны демалыс немесе іссапар уақытына да жасауға болады. Тұрғын үйге жөндеу жұмыстарын жүргізгенде көршілердің мүлкіне жөндеу жұмыстарынан зиян келуінен сақтандыру үшін сақтандыру шартын жасау кең таралған.

Сақтандыру жағдайы орын алғанда, сақтанушы сақтандыру төлемін алу үшін сақтандырушыға жүгінуі керек. Сақтандыру төлемі нақты зиян мөлшерінен аспауы тиіс. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 839-бабында сақтандырушының сақтандыру төлемінен босатудың мынадай негіздері көрсетілген: «Егер сақтандыру жағдайы ядролық жа-

рылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың әсерінен, әскери қимылдардың, азаматтық соғыстың, әртүрлі халық толқуларының, жаппай тәртіп бұзушылықтардың немесе ереуілдердің салдарынан басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады» (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_). Дегенмен, егер тараптардың келісімі бойынша аталған оқиғалар сақтандыру жағдайы болып саналса және бұл сақтандыру шартында нақты көрсетілсе, онда сақтанушы төлемді кез келген жағдайда ала алады.

Халықаралық тәжірибеде мүлікті сақтандыру өте жақсы дамыған. Мысалы, Германияда ұлттық сақтандыру нарығының жартысынан көбі мүлікті сақтандыруға тиесілі. Ал АҚШ тұрғын үйді сақтандырудың сақтандыру сыйлықақыларының көлемін жинау бойынша көшбасшылар қатарында тұр. Данияда, Нидерланд, Францияда, Бельгияда, Швейцарияда, Норвегия және Испанияда жылжымайтын мүлікті міндетті түрде сақтандыру қажет.

Еуропа Одағы аумағында сақтандыру қызметтерінің біртұтас және еркін нарығын құрудың негізін қалаушы принциптерінің бірі – қызметтерді жеткізу еркіндігін енгізу принципі. Біртұтас сақтандыру және құқықтық кеңістікті қалыптастыру екі бағытта: Еуропа Одағына кіретін барлық елдерде сақтандырушылардың қызмет еркіндігін қамтамасыз ету және сақтандыру нормативтік базасын үндестіру бағыттары бойынша біртіндеп жүзеге асырылып келеді. Бұл қызметтің жетекшісі және координаторы – сақтандырушылардың Еуропалық комитеті, онда барлық ұлттық одақтар мен сақтандырушылар ассоциациялары бар.

Еуропа Одағына кіретін барлық мүше мемлекеттердің заңдарына кейбір жалпы ережелерді енгізуді талап ету қажеттілігі туындады (<https://www.insuranceeurope.eu/sites/default/files/attachments/European%20insurance%20-%20Key%20facts%20-%20October%202018.pdf>).

Еуропалық сақтандыру жүйесін реттеудің негізгі құжаттары – сақтандыру бойынша Директивалар болып табылады. Еуропа Одағының өмірден басқа сақтандыру бойынша алғашқы Директивасы 1973 жылы қабылданды (http://europa.eu.int/comm/internal_market/insurance/overview_en.htm). Осы Директиваның негізінде Еуропа Одағына мүше елдердің сақтандыру ұйымдары өмірден басқа сақтандыру түрлері бойынша еншілес ұйымдары, филиалдары немесе бөлімшелері бар Еуропа Одағының барлық елдерінен сақтандыру шарттарын жасасуға мүмкіндік алды.

Директиваның мәні – төлем қабілеттілігінің жалпы режимін құру. Бұл өз кезегінде бақылау жүйелерін өзара тану жүйесінің негізін қалауға бағытталған. Директиваның 10-12-баптарына сәйкес, әрбір сақтандыру ұйымы Еуропа Одағының бір елінде ресми түрде тіркелуі тиіс. Тіркелгеннен кейін сақтандыру ұйымы Еуропа Одағының кез келген мемлекетінде бөлімшелер ашу құқығына ие болады. Еуропа Одағының мүше елдерінде кәсіп жүргізетін әрбір сақтандыру ұйымына бақылау орнатылуы тиіс. Бұл бақылауды компанияның бас кеңсесі орналасқан елдегі арнайы орган жүзеге асырады. Бизнес жүргізуге рұқсат, табыстардың шығыстардан асып түсуіне негізделген, яғни төлем қабілеттілігі маржасы минималды талаптарға сәйкес болуы тиіс. Британдық сақтандырушылар Ассоциациясының мәліметтері бойынша, сақтандыру ұйымдарының 34%-ы төлем қабілеттілігі бойынша жалпы ережелерді енгізуді Еуропа Одағының басым бағыты деп санайды (John Birds 2007).

Егер сақтандыру ұйымының жалпы табысы 10 миллион еуродан аз болса, сақтандыру ұйымдары үшін қажетті төлем қабілеттілігі маржасы таза пайдадан 18%-ды құрайды. Ал жалпы табысы осы сомадан асатын сақтандыру ұйымдары үшін төлем қабілеттілігі маржасы таза пайдадан 16%-ды құрайды. «Төлем қабілеттілігі туралы» директива инфляция деңгейін ескере отырып, төлем қабілеттілігі маржасын индекстеуді, сондай-ақ әрбір ұйымда кепілдік қорын құруды бекітті (<http://www.abi.org.uk/Newsreleases/viewNewsRelease.asp?nrid=7138>).

Біртұтас сақтандыру кеңістігін қалыптастырудың алғашқы қадамы бірегейлендірілген сақтандыру кеңістігін құру принциптерін әзірлеу және қабылдау болды. Мұндай принциптер мыналарды қамтиды: Еуропа Одағының кез келген мүшесі үшін мүше мемлекеттер ішінде филиалдар құру еркіндігі; Одаққа кіретін кез келген мүшесі үшін филиалдар ашпай-ақ сақтандыру өнімін тарату еркіндігі; әділ түрде өтетін адал бәсекелестік; тыйым салынған бәсекелестік элементтерін пайдалануға жол бермеу. Қазіргі кезде Еуропа Одағы біртұтас бірегейлендірілген кеңістікті – экономикалық, құқықтық, білім беру және сақтандыру кеңістігін құрудың нақты мысалы болып табылады. Латвияда біртұтас сақтандыру кеңістігін қалыптастыру және жүзеге асыру тенденциялары заңнамадан, сақтандыру нарығының құрылымы, сақтандыру түрлері және сақтандыру нарығының қатысушыларынан айқын көрінеді.

Латвиядағы сақтандыру нарығының құрылымын сақтандыру сыйлықақыларына сәйкес

өнімдер бойынша анықтауға болады. Сақтандыру шарттарының түрлері мен брутто-сыйлықақылар бойынша сақтандыру нарығының құрылымы келесідей: өмір – 18%, авто-Casco – 16%, мүлік – 13%, денсаулық – 12%, азаматтық жауапкершілік – 3%, жазатайым оқиға – 2%, 36%-ы – «өмірден тыс» 15 сақтандыру түрлеріне (қаржы және капитал нарығы комиссиясының деректері бойынша) тиесілі. Деректер автокөлік иелерінің міндетті жауапкершілігін сақтандыруды қамтымайды. «Өмірден тыс» сақтандыру шарттарына сұраныс (өткен жылдардағыдай) әлемдік және еуропалық тенденцияларға сәйкес келеді (<https://invest-india-revamp-static-files.s3.ap-south-1.amazonaws.com/s3fs-public/2019-07/ey-global-insurance-trends-analysis-2018.pdf>). «Өмірді» сақтандыру дамыған елдерде әдетте жиналған сыйлықақылардың жалпы көлемінің 60%-дан кем емес бөлігін құрайды. Ал Латвияда ол шамамен 18%-ға тең. Бұл жағдай экономикалық проблемалармен, психологиялық аспектілермен – отандық жинақ жүйесіне сенімсіздікпен және Латвияда өмірді сақтандыру полистерін пайдалану арқылы бағалы қағаздар институтының болмауымен түсіндіріледі.

Ерікті мүлікті сақтандырудың барлық артықшылықтарын білу арқылы болашақта мүмкін болатын тәуекелдерден қорғануға болады. Сонымен қатар, сақтандыру шартына қол қоймас бұрын оның талаптарын мұқият зерттеп, толық түсіну қажет. Себебі сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген нақты тәуекелдерден ғана сақтандырылады. Мысалы, сақтанушы су тасқынынан үйін жоғалтуы мүмкін. Бірақ егер ол өз үйін тек өрттен ғана сақтандырса, онда оған сақтандыру төлемі төленбейді. Сақтандыру шартын бар зейінімен оқыған сақтанушыда ешқандай қиындық туындамайды. Заңгерлердің айтуынша, сақтанушылар сақтандыру шартын оқығысы келмейді. Сондай-ақ олардың мазмұнын ешкім дұрыс түсіндірмейді. Бұл тек ұсақ шрифт пен кейбір адал емес сақтандырушылардың басқа да айла-амалдарына ғана емес, адамдардың құжаттарды оқуға және оларға тереңірек үңілуге деген ықыласының жоқтығына байланысты. Бұл тек Қазақстанға тән емес, әлемнің көп елдерінде де осындай жағдай орын алып жатыр. Сақтандыру нарығының жеткіліксіз дамуының бірден-бір себебі – сақтандыру ұйымдарына деген халықтың сенімсіздігі. Осындай сенімсіздіктен кейбір адамдар сақтандырушыларға алданып қаламыз деп ойлайды. Сондықтан сақтандырушылардың негізгі міндеті өз өнімдері туралы ақпаратты жеткізумен қатар, оған деген сенімділікті қалыптастыру болып табылады.

Қазақстанда өмірді сақтандыру нарығы Батыс Еуропа елдерінен едәуір ерекшеленеді. Батыс Еуропа елдерінде өмірді сақтандырудың үлесі 50% және одан да көп. Бізде бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Бізде әлі күнге дейін «Адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатына кім жауапты? Аурулар, жазатайым оқиғалар, жарақаттар, жол-көлік оқиғалары сияқты форс-мажорлық жағдайлардан кім қорғайды?» деген сұраққа халықтың үштен бір бөлігі мемлекет жауапты деп санайды. Ал жартысы зиян келтірген жұмыс беруші мен кәсіпорын жауапты деп есептейді. Халықтың тек бір бөлігі ғана адамдардың өздері жауапкершілікті мойнына алып, өз өмірін сақтандыруы керек деп ойлайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 806-бабының 6-тармағында ерікті сақтандыру түсінігі бар. Ерікті сақтандыру – тараптардың ерік білдіруіне қарай жүзеге асырылатын сақтандыру нысаны (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_). Ерікті сақтандыру сақтанушы мен сақтандыру ұйымының ерікті келісімі негізінде тараптардың алдын ала келісілген шарттары бойынша сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді. Әдетте, ерікті сақтандыру міндетті сақтандыру сыныптарында көрсетілмеген барлық сақтандыру жағдайларын қамтиды. Бұл жағдайда тариф мемлекет тарапынан реттелмейді. Ол сақтандырушының тәуекел дәрежесі мен қажетті төлемге байланысты белгіленеді.

Ерікті сақтандыру аясында, көліктер, жылжымайтын мүлік, ұшақтар, қайықтар, тепловоздар, өнер туындылары және тіпті спутниктерді де сақтандыруға болады. Соңғы жылдары міндетті сақтандыру сыныптары өсу қарқынының азаюына байланысты сақтандыру нарығы ерікті сақтандыру сыныптары және басқа да мүліктік бағыттар арқылы белсенді дамып келеді.

Ерікті сақтандыру сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы сақтандыру шарты бойынша тараптардың еркімен жүзеге асырылады. Ерікті сақтандыру ережелері, онда жалпы шарттар мен оны жүргізу тәртібі бекітілген, сақтандырушы тарапынан заңнама талаптарына сәйкес дербес анықталады және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алу кезінде сақтандыру саласындағы уәкілетті органмен келісуге жатады. Әрбір жеке сақтанушы үшін нақты шарттары сақтандыру шартында белгіленеді.

Қорытынды

«Әлемдік сақтандыру тәжірибесі көрсеткендей, танымал футболшылар мен әртістер тіпті

өздерінің табыс көзі, яғни брендiнiң бiр бөлiгi болып табылатын дене мүшелерiн де сақтандырады. Бiздiң елiмiзде мұндай сақтандыру түрлерi әлi сұраныста жоқ», – дейдi «Евразия» сақтандыру компаниясы басқармасы төрағасының орынбасары Нұржан Джантуреев (<https://prodengi.kz/post/kakie-vidy-strachovaniya-sushhestvuyut>).

Жүктелген сақтандыру мiндеттi сақтандыруды бiлдiредi. Бұл ретте мiндеттi сақтандыру туралы талап, сақтандырудың түрлерi мен ең төмен шарттары (оның iшiнде сақтандыру объектiсi, сақтандыру тәуекелдерi және сақтандыру сомаларының ең төмен мөлшерлерi) Қазақстан Республикасының заңдарында белгiленедi. Ал сақтандырудың өзге де шарттары мен тәртібi тараптардың келiсiмiмен айқындалады. Сонымен қатар жүктелген сақтандыру мiндеттi және ерiктi сақтандыру сыныптары арасындағы белгiлi бiр сақтандырудың түрi болып табылады. Жүктелген сақтандыру полисi лицензия алу немесе белгiлi бiр қызмет түрiмен айналысуға рұқсат алу үшiн мiндеттi шарт болып табылады. Жүктелген сақтандыру бойынша тарифтер реттелмейдi. Олар нарықтық бәсекелестiк негiзiнде қалыптасады. Мысалы, жеке сот орындаушылары (ЖСО) қызметiн жүзеге асыру кезiнде өз жауапкершiлiгiн сақтандыру үшiн жүктелген сақтандыру полисiне ие болуы қажет. Жүктелген сақтандыру полисi мүлiктiк мүдделердi қорғау үшiн аса маңызды. Жеке сот орындаушыларының әрекеттерi белгiлi бiр материалдық шығындарға және үшiншi тұлғалардың талап арыз жазуына әкелуi мүмкiн.

Сондықтан заң сақтандыру мiндетiн қамтамасыз етудi жүктейдi.

Сондай-ақ жүктелген сақтандыру адвокаттар мен заң консультанттарының жауапкершiлiгiн қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, өткен жылдан бастап Қазақстанда тұрақты тұрып, жұмыс iстейтiн шетелдiктер медициналық көмек алу үшiн сақтандыру полисiне ие болуы тиiс.

Сайып келгенде, Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасы елiмiздегi сақтандыру қатынастарын құқықтық реттеудiң нақты негiзiн қалыптастырып отыр. Сақтандырудың әртүрлi түрлерiнiң (мiндеттi және ерiктi, әлеуметтiк, өмiрдi сақтандыру, мүлiктiк сақтандыру және т.б.) құқықтық реттелу ерекшелiктерi олардың қоғамдағы атқаратын рөлiне, тәуекел сипатына және тараптардың құқықтық қатынастарына байланысты айқындалады.

Заңнама сақтандыру саласының тұрақты жұмыс iстеуiн қамтамасыз етiп қана қоймай, сонымен қатар сақтанушылардың құқықтары мен мүдделерiн қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, халықаралық тәжiрибеге сүйене отырып, ұлттық заңнаманың үнемі жетiлдiрiлуi – бұл саладағы сенiмдiлiк пен тұрақтылықтың кепiлi бола алады.

Осыған байланысты, сақтандыру түрлерiн құқықтық реттеу тетiктерiн одан әрi жетiлдiру, цифрландыру мүмкiндiктерiн енгiзу және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру – елiмiздiң сақтандыру нарығын дамытудағы маңызды басымдықтардың бiрi болып қала бередi.

Әдебиеттер

- Абикенова Ш.К., Абдрахманова Н.Б. Оптимизация статистической информации по производственному травматизму в Республике Казахстан // Вестник Восточно-Казахстанского государственного технического университета. – 2018. – №2 – С. 47-52. // https://www.ektu.kz/files/vestnik/vestnik_2-2018.pdf
- Грищенко Н.Б. Основы страховой деятельности: Учебное пособие. – Барнаул: Изд-во Алт. Ун-та, 2001. – 274 с.
- Кадырбеков Т. Рынок страхования // Право. – №12. – 2007. – С. 610 -612.
- Какие виды страхования существуют? // <https://prodengi.kz/post/kakie-vidy-strachovaniya-sushhestvuyut>
- Қазақстан Республикасы Премьер-министрiнiң ресми ақпараттық ресурсы: Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейiнгi қауiпсiз еңбек тұжырымдамасын iске асыру // <https://primeminister.kz/ru/news/v-rezultate-realizatsii-kontseptsii-bezopasnogo-truda-ozhidaetsya-polozhitelnyy-effekt-dlya-vsekh-storon-sotsialnogo-partnerstva-mtszn-rk-26807>
- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексi (ерекше бөлiм) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шiлдедегi N 409 Кодексi. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек Әдiлеттi Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсiм, қоғамдық оптимизм // <https://www.akorda.kz/kz/addresses>
- Мерғалиева Р. История развития страхового рынка РК. – Астана: изд-во Фолиант, 2007. – 156 с.
- Мерғалиева Р. Финансы и Кредиты. – Астана: изд-во Фолиант, 2007. – 194 с.
- Серебровский, В. И. Избранные труды по наследственному и страховому праву. – М., 2003. – 557 с.
- Сақтандыру қызметi туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126 Заңы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_
- Crawford S. Global insurance trends analysis 2018 / S.Crawford, L.Russignan, K.Kumar//EYGM. – 2018. – 31 p. // <https://invest-india-revamp-static-files.s3.ap-south-1.amazonaws.com/s3fs-public/2019-07/ey-global-insurance-trends-analysis-2018.pdf>
- European Insurance – Key Facts [Electronic resource]. – Mode of access: <https://www.insuranceeurope.eu/sites/default/files/attachments/European%20insurance%20-%20Key%20facts%20-%20October%202018.pdf>

John Birds. Birds' Modern Insurance Law. 7th edition//Sweet&Maxwell. – 2007. – 23 p. Современный Закон о страховании The International Insurance Market Overview [Electronic resource]. – Mode of access: http://europa.eu.int/comm/internal_market/insurance/overview_en.htm.

UK insurers call for smarter regulation as the EU market grows in importance 2002 [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.abi.org.uk/Newsreleases/viewNewsRelease.asp?nrid=7138>.

References

Abikenova Sh.K., Abdrakhmanova N.B. Optimizatsiya statisticheskoi informatsii po proizvodstvennomu travmatizmu v Respublike Qazaqstan // «Vestnik Vostochno-Qazaqstanskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta» [Optimization of statistical information on occupational injuries in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the East Kazakhstan State Technical University]. – 2018. – №2. – P. 47–52. // https://www.ektu.kz/files/vestnik/vestnik_2-2018.pdf

Grishenko N.B. Osnovy strakhovoy deyatel'nosti: Uchebnoe posobie. [Fundamentals of insurance activity: A textbook]. – Barnaul: Izd-vo Alt. Un-ta, 2001. – 274 p.

Kadyrbekov T. Rynok strakhovaniya // Pravo. [Insurance market // Law] – №12. – 2007. – P. 610–612.

What types of insurance are there? [Electronic resource]. – Mode of access: <https://prodengi.kz/post/kakie-vidy-straxovaniya-sushhestvuyut>

Qazaqstan Respublikasy Premier-ministrinin resmi akparattyk resursy: Qazaqstan Respublikasyndagy 2030 zhyлга deingi kauipsiz enbek tuzhyrymdamasyn iske asyru [Official Information Source of the Prime minister of the Republic of Kazakhstan: Implementation of the Concept of Safe Labor in the Republic of Kazakhstan until 2030]//<https://primeminister.kz/ru/news/v-rezultate-realizatsii-kontseptsii-bezopasnogo-truda-ozhidaetsya-polozhitelnyy-effekt-dlya-vsekh-storon-sotsialnogo-partnerstva-mtszn-rk-26807>

Qazaqstan Respublikasynyn azamattyk kodeksi (erekshe bolim) Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 1 shildedegi N 409 Kodeksi. [Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part) № 409 dated July 1, 1999]//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_

Memleket bashysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn Qazaqstan khalkyna Zholdaуy. 2024 zhylygy 2 kyrkuyek Adilette Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimism [President Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address. September 2, 2024 “Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Social Optimism”]//<https://www.akorda.kz/kz/addresses>

Mergalieva R. Istoriia razvitiia strakhovogo rynka RK. [History of development of the insurance market of the Republic of Kazakhstan]. – Astana: izd-vo Foliant, 2007. – 156 p.

Mergalieva R. Finansy i Kredity. [Finance and Loans]. – Astana: izd-vo Foliant, 2007. – 194 p.

Serebrovskii V.I. Izbrannye trudy po nasledstvennomu i strakhovomu pravu. [Selected works on inheritance and insurance law]. – M., 2003. – 557 p.

Saktandyru kyzmeti turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2000 zhylygy 18 zheltoksandagi N 126 Zany. [Law of the Republic of Kazakhstan dated 18 December, 2000 No. 126. on insurance activities]//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z000000126_

Crawford S. Global insurance trends analysis 2018 / S.Crawford, L.Russignan, K.Kumar//EYGM. – 2018. – 31 p.//<https://invest-india-revamp-static-files.s3.ap-south-1.amazonaws.com/s3fs-public/2019-07/ey-global-insurance-trends-analysis-2018.pdf>

European Insurance – Key Facts [Electronic resource]. – Mode of access: <https://www.insuranceeurope.eu/sites/default/files/attachments/European%20insurance%20-%20Key%20facts%20-%20October%202018.pdf>

John Birds. Birds' Modern Insurance Law. 7th edition//Sweet&Maxwell. – 2007. – 23 p.

The International Insurance Market Overview [Electronic resource]. – Mode of access: http://europa.eu.int/comm/internal_market/insurance/overview_en.htm.

UK insurers call for smarter regulation as the EU market grows in importance 2002 [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.abi.org.uk/Newsreleases/viewNewsRelease.asp?nrid=7138>.

Авторлар туралы мәлімет:

Абишева Меруерт Нұрланқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс докторанты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abisheva.meruertz@mail.ru);

Эдвард Эдвардович Юхневич – Гданьск Университетінің профессоры (Польша, Гданьск қ., e-mail: ed.juchnevicus@gmail.com)

Сведения об авторах:

Абишева Меруерт Нұрланқызы – Докторант 1-курса Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: abisheva.meruertz@mail.ru);

Эдвард Эдвардович Юхневич – Профессор Гданьского университета (Польша, Гданьск қ., e-mail: ed.juchnevicus@gmail.com)

Information about the authors:

Abisheva Meruert Nurlankyzy – 1st year doctoral student at Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: abisheva.meruertz@mail.ru);

Edward Edvardovich Yuchnevich – is a Professor at the Gdansk University (Poland, Gdansk). e-mail: ed.juchnevicus@gmail.com.

Тіркелді: 26 қаңтар 2025 жыл
Қабылданды: 10 наурыз 2025 жыл